

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының республикалық бюджеттік бағдарламаларының 2002 жылға арналған паспорттарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 23 қаңтар N 92

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1-4-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының республикалық бюджеттік бағдарламаларының 2002 жылға арналған паспорттарын бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.03.01. N 259 қаулысымен .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 2 ж ы л ғ ы 2 3 қ а ң т а р д а ғ ы

N 9 2 қ а у л ы с ы н а

1-қосымша

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

001 "Әкімшілік шығыстар" республикалық бюджет бағдарламасының 2002 жылға арналған ПАСПОРТЫ

1. Құны: 2669268 мың теңге (екі миллиард алты жүз алпыс тоғыз миллион екі жүз алпыс сегіз мың теңге) .

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңының 1-30-баптары; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет есебінен қамтылған органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" 2001 жылғы 25 наурыздағы N 575 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүйесін одан әрі оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы" 1999 жылғы 22 қаңтардағы N 29 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2709 заң күші бар Жарлығы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы орталық аппаратын, облыстық және оған теңестірілген прокуратуралардың оларға жүктелген функциялардың барынша тиімді орындалуына қол жеткізу үшін қызметін қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: ҚР Бас прокуратурасының орталық аппаратын, облыстық және оған теңестірілген прокуратураларды ұстау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

N	Бағ. дар. лама. ның коды	Кіші бағ. дар. лама. ның коды	Бағдарламаның атауы (кіші бағдарламаның атауы)	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру	Жауапты орындаушылар мерзімі
1	2	3	4	5	6	7
		001	Орталық органның аппараты	Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының орталық аппаратын жүктелген функцияларды орындау мақсатында бекітілген 260 бірлік штат санының лимитіне	Бір жыл ішінде	Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы
		сәйкес ұстау				
		002	Аумақтық органдардың аппараттары	Облыстық және оған теңестірілген прокуратураларды жүктелген функцияларды орындау мақсатында бекітілген 4573 бірлік штат санының лимитіне	Бір жыл ішінде	Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы
		сәйкес ұстау				

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасына жүктелген функцияларды уақтылы және сапалы орындау, республиканың прокуратура органдарының үздіксіз жұмыс істеуі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2002 жылғы 23 қаңтардағы

N 92 қаулысына

2-қосымша

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**030 "Қылмыстық және жедел есептерді жүргізу" республикалық
бюджеттік бағдарламасының 2002 жылға арналған
ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 446054 мың теңге (төрт жүз қырық алты миллион елу төрт мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңының 1-30-баптары; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет есебінен қамтылған органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" 2001 жылғы 25 наурыздағы N 575 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүйесін одан әрі оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы" 1999 жылғы 22 қаңтардағы N 29 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы заң күші бар Жарлығы ; "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 7 мамырдағы Заңының 4-бабы; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының жүйесін реформалау жөніндегі шаралар туралы" 1997 жылғы 22 сәуірдегі Жарлығы ; "Шаруашылық жүргізуші субъектілерінің қызметтерін тексерулердің бірыңғай статистикалық есебін енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 1 қыркүйектегі N 1286 қаулысы ; "Қазақстан Республикасында қылмысқа қарсы күрестің 2000-2002 жылдарға арналған бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 31 қазандағы N 1641 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқықтық статистика және ақпарат орталығы (департаменті) туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2001 жылғы 6 наурыздағы N 32 бұйрығы; 1992 жылғы 3 тамыздағы Ішкі істер министрлігінің ақпарат алмасу саласындағы өзара қарым - қатынастар туралы келісім.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: статистикалық көрсеткіштердің тұтастығын, уәжділігін және жеткіліктігін қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастыру; шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметін барлық тексерулердің бірыңғай статистикалық есебін жүргізу; қылмысқа қарсы күрес, азаматтардың құқықтары мен бостандығын қорғау міндеттерін шешу кезінде мемлекетаралық ақпараттық өзара іс-қимыл.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: құқықтық статистика субъектілерінің қызметі құқық бұзушылық және қылмыс туралы алғашқы есебін қамтамасыз ету; құқықтық статистиканы ұйымдастыру-әдістемелік басқару; құқықтық статистика

субъектілерінің алғашқы есебінің және статистикалық есептілігінің тұтастығын, уәжділігін, жеткіліктігін және дұрыстығын қамтамасыз ету; құқықтық статистика субъектілерімен Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқықтық статистика және ақпарат орталығы арасындағы аудандық және облыстық деңгейлерде қылмыстық, прокурорлық, сот есептіліктің және арнайы есептердің статистикалық деректерін өзара салыстыру тетігі мен нысандарын әзірлеу; мемлекетаралық ақпараттық банкке әр тараптан түсетін есептік материалдардың санын ескере отырып үлестік қатысу нысанындағы мемлекетаралық ақпараттық банкті ұстау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

N	Бағ.	Кіші	Бағдарламаның	Бағдарламаны іске	Іске	Жауапты
	дар.	бағ.	атауы (кіші	асыру жөніндегі іс-	асыру	орындаушылар
	лама	дар.	бағдарламаның	шаралар	мерзім.	
	коды	лама.	атауы)		дері	
	!	!	н ы ң	!	!	!
	!	!	к о д ы	!	!	!

1	!	2	!	3	!	4	!	5	!	6	!	7
---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---

0 3 0

Қ ы л м ы с т ы қ
ж ә н е ж е д е л
е с е п т е р д і

жүргізу

030	Құқықтық статистика және ақпарат орталығы	Жүктелген функцияларды орындау мақсатында бекітілген 641 бірлік штат санының лимитіне сәйкес Құқықтық статистика және ақпарат орталығын ұстау орталығы	Бір жыл ішінде Бас прокуратурасының жанындағы Құқықтық статистика және ақпарат	Қазақстан Республикасы
031	Ресей Федерация-ның ІІМ Бас ақпарат орталығының Мемлекет. аралық ақ.	Ресей Федерация-ның ІІМ Бас ақпарат орталығы. ның Мемлекетаралық ақпараттық банкін Қазақстан Республика. сының үлестік ұстауы бойынша өткен жылдың	Бір жыл ішінде Бас прокуратурасының жанындағы Құқықтық статистика	Қазақстан Республикасы

7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне, Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігіне және құқықтық статистика субъектілерінің барлығына қажетті айлық, тоқсандық, жарты жылдық, жылдық статистикалық ақпаратты және қылмыс, тергеу мен анықтама органдарының жұмысы туралы, қылмыс жасаған адамдар туралы, қылмыс туралы өтініштер мен хабарламалардың саны туралы есептерді қалыптастыру және уақытылы беру; қылмыс туралы, оның ішінде сыбайлас жемқорлық туралы жедел мәліметтерді Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына уақытылы жинау, қалыптастыру және беру; азаматтық құқықтық және әкімшілік-құқықтық практика туралы есеп пен статистика жүргізуді жетілдіру; мемлекетаралық мүдделерді ескере отырып, қылмыстың алдын-алу, оны ашу және тергеу мақсатында, жедел-анықтама, қылмыстық және басқа есептердегі іздеу, мәліметтерді беру.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 2 ж ы л ғ ы 2 3 қ а ң т а р д а ғ ы

№ 9 2 қ а у л ы с ы н а

3-қосымша

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**601 "Папилон-7" АДАЖ дактилоскоптық есептеудің ақпараттық
жүйесін құру" республикалық бюджеттік бағдарламасының
2002 жылға арналған
ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 65000 мың теңге (алпыс бес миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі:

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсанындағы заң күші бар Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының жүйесін одан әрі реформалау жөніндегі шаралар туралы" 1997 жылғы 22 сәуірдегі Жарлығы ; "Қазақстан Республикасында қылмысқа қарсы күрестің 2000-2002 жылдарға арналған бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 31 қазандағы № 1641 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: құқық қорғау органдарының, Қазақстан Республикасында қылмысқа қарсы күрестің 2000-2002 жылдарға арналған бағдарламасында айқындалған міндеттерді тиімді шешу үшін олардың ақпаратпен қамтамасыз етілуін жетілдіру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Құқықтық статистика және ақпарат орталығын лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз ету арнайы жабдықтарды (есептеуіш, алшақтықтан болжап пайдаланылатын станциялар) сатып алу және орнату жолымен бағдарламалық жарақтандыру; көлемді дактилокарттар мен іздерді толық енгізуді жүргізу жолымен деректердің автоматтандырылған дактилоскоптық базасын қалыптастыру, оқыту; бірыңғай біріздендірілген статистикалық жүйе енгізу.

6. Бюджеттік кіші бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

N	Бағ.	Кіші	Бағдарламаның	Бағдарламаны іске	Іске	Жауапты
	дар.	бағ.	атауы (кіші	асыру жөніндегі іс-	асыру	орындаушылар
	лама	дар.	бағдарламаның	шаралар		мерзім.
	коды	лама.	атауы)			дері
		ның				
		коды				

1	2	3	4	5	6	7
---	---	---	---	---	---	---

601	Дактилоскоптық "Папилон" жүйесі	2002	Қазақстан Рес.
	есептеудің үшін төмендегідей жылдың публикасының		
	"Папилон-7" сан жабдықтарды және наурызы Бас прокурату.		
	АДАЖ ақпараттық бағдарламалық кам. желтоқ. расы, Қазақ.		
	жүйесін құру тамасыз етуді сатып саны стан Республи.		
	алу және орнату:		касының Бас
	1.1. есептеуіш -		прокуратурасы
	"Папилон-1000" -		жанындағы
	3 бірлік;		Құқықтық
	1.2. бағдарламалық		статистика
	қамтамасыз ету -		және ақпарат
	13 бірлік;		орталығы
	2. алшақтан болжап		
	пайдаланатын станция		
	- 1 бірлік;		
	3. жабдықтарды		

жеткізіп беруді және
жабдықтарды орнатуға
арналған үй-жайларды
қайта жабдықтауды
қоса алғанда кешенді
монтаждау,
пайдалануға қосу;
4. 13000000
дактилокарттан
"Папилон-7" АДАЖ
деректердің
электрондық базасын
қалыптастыру;
5. "Папилон-7"
АДАЖ-бен жұмыс істеу
үшін 14 Тапсырыс
берушінің маманын
оқыту;
6. үш жыл ішінде
кешенді сервистік
сүйемелдеу < * >

Ескерту. 6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.11.23. N 92а қаулысымен.

7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер: сыйымдылығы 1300000 бірлік республикалық автоматтандырылған дактилокарт деректерінің базасын жасау; бірнеше саусақтар бедері, бір саусақ бедерінің аз ғана фрагменті бойынша адамның жеке басы мен басы анықталмаған өліктерді анықтау мүмкіндігі; бояусыз оптикаэлектронды қондырғыларды-арнайы сканерлерді енгізудің есебінен келіп түсетін сапасын жақсарту; болжап пайдаланылатын станциялардың автоматтандырылған дактилоскоптық ақпаратты енгізуге, өңдеуге және жедел тексеруге арналған деректер базасының ресурстарына бірыңғай республикалық алшақтықтан желісін құру үшін жағдайларды қамтамасыз ету; шетелдік құқық қорғау органдарының ең алдымен ТМД-ның дактилоскоптық есептерінің ақпараттық жүйелерімен бірге интеграциялау мүмкіндігі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2002 жылғы 23 қаңтардағы

N 92 қаулысына

4-қосымша

Ескерту. 4-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2002.03.01. N 259 қаулысымен .

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**600 "Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы жанындағы
Құқықтық статистика және ақпарат орталығының ақпараттық
жүйесін құру" республикалық бюджеттік бағдарламасының
2002 жылға арналған
ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 56138 мың теңге (елу алты миллион жүз отыз сегіз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2709 заң күш бар Жарлығы (56 бап); Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарының жүйесін одан әрі реформалау жөніндегі шаралар туралы" 1997 жылғы 22 сәуірдегі N 3465 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасында қылмысқа қарсы күрестің 2000-2002 жылдарға арналған бағдарламасы туралы" 2000 жылғы 31 қаңтардағы N 1641 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаның қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: статистикалық көрсеткіштердің тұтастығын, уәжділігін және жеткіліктілігін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасында қылмыстар туралы автоматтандырылған ақпараттық мәліметтер базасын қалыптастыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: ақпараттық жүйені жетілдіру мақсатында ақпараттық базаны қалыптастыру және құру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс шаралар жоспары:

!Бағдар.!Кіші !Бағдарламаның !Бағдарламаны іске ! Іске ! Жауапты
!ламаның!бағ. !атауы (кіші бағ. !асыру жөніндегі ! асыру!орындаушылар
!коды !дар. !дарламаның атауы)!іс-шаралар !мерзі! !
N! ! л а м а . ! ! ! м д е р і !
! ! н ы ң ! ! ! !
! ! к о д ы ! ! ! !

600	Қазақстан	Төмендегі сан	2002	Қазақстан
	Республикасының	бойынша жабдықтарды	жыл.	Республика.

Бас прокуратурасы және бағдарламалық	дың сының Бас
жанындағы Құқықтық қамтамасыз етуді	нау. прокуратура.
статистика және сатып алу және	рызы- сы, Қазақ.
ақпарат орталығы. орнату:	жел. стан
ның ақпараттық компьютерлер - 210	тоқ. Республика.
жүйесін құру бірлік;	саны сының Бас
принтерлер - 154	прокуратура.
бірлік; сервер - 1	сы жанында.
бірлік; қолданбалы	ғы Құқықтық
бағдарламалық қамта.	статистика
масыз етуді (Астана және ақпарат	
қаласы бойынша ҚСЖАО орталығы	
базасындағы алғашқы	
жоба) әзірлеу < * >	

Ескерту. 6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.11.23. N 92а қаулысымен.

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: республика бойынша статистикалық есептің бірыңғай автоматтандырылған мәліметтер базасын құру; ақпараттық-статистикалық жүйені толығымен компьютерлендіру және автоматтандыру үшін жағдай жасау; шетелдік құқық қорғау органдарының, оның ішінде ең алдымен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының ақпараттық жүйелерімен өзара байланыс жасау үшін жағдайды қамтамасыз ету; құқықтық статистика субъектілерінің қызметтері және құқық бұзушылық, қылмыстар, оны жасаған адамдар туралы ақпараттарды өңдеу және жинау жеделділігін арттыру.